«6D030100 – Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Сюрикпаева Асель Ораловнаның - «Тұтынушыларды қорғаудың құқықтық тетігінің мәселелері мен даму перспективалары» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми

РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); 3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	«6D030100 – Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Сюрикпаева Асель Ораловнаның - «Тұтынушыларды қорғаудың құқықтық тетігінің мәселелері мен даму перспективалары» тақырыбындағы орындаған диссертациясы тұтынушылардың құқықтарын қорғау тетігін қазіргі қоғамдық қатынастардың өзгерісімен, оның ішінде цифрландыру үдерістерімен және электрондық сауданың кеңеюімен байланыстыра отырып жетілдіруге бағытталған. Жұмыста мемлекет басшысы айқындаған әділеттілік және азаматтардың құқықтарын қорғауды күшейту жөніндегі ұстанымдар көрсетіліп, олардың 2030 жылға дейінгі құқықтық саясат тұжырымдамасында көрініс тапқаны негіз ретінде алынған, және де ҚР Президентінің 2024 жылғы 30 шілдедегі № 611 Жарлығымен бекітілген ҚР-ның 2029 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарының «инновациялар, цифрлық экономика» және «құқық үстемдігі» бағыттарына **сәйкес келеді**.
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін **қосады**/қоспайды, ал оның маңыздылығы **ашылған**/ашылмаған.	Диссертациялық зерттеу жұмысында қол жеткізілген нәтижелер біздіңше отандық құқық ғылымына өзінің елеулі үлесін **қоса алады** деп бағалаймыз. Диссертация тұтынушы құқығын қорғаудың дәстүрлі құралдарын ғана сипаттамай, оны заманауи сын-қатерлер (аралас мәмілелер, цифрлық тауар/қызмет, платформалық орта) контексінде жүйелі түрде қайта пайымдайды (2-тарау; 3-тарау). Теориялық үлес ретінде тұтынушының құқықтық мәртебесін тұжырымдамалық кеңейту, дәлелдеу ауыртпалығының бөлінуі, жария шарт және

			табиғи монополиялардағы теңгерім мәселелері ғылыми тұрғыдан негізделеді (2.1; 2.3). Құқықтық жаңалықтар нақты ұғымдар мен құқықтық конструкциялар арқылы беріледі: «цифрлық контент», «цифрлық қызмет», «манипулятивті интерфейстік тәсілдер» сияқты санаттар анықталып, оларды ұлттық құқыққа енгізудің уәждері көрсетілген (3.1; 3.2). Жұмыстың теориялық және тәжірибелік маңыздылығы **ашылған.**
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: **1) жоғары;** 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Диссертациялық жұмыс ғылыми талаптарға сай өзі жазу деңгейі **жоғары** орындалған, **авторлық зерттеудің нәтижесі** болып табылады. Автор тақырыпты жан-жақты меңгеріп, құқықтық дереккөздер мен шет елдік деректерді талдау арқылы өзіндік тұжырымдар мен ғылыми қорытындылар ұсынған. Жұмыстағы дәйексөздер мен сілтемелер ғылыми әдеп нормаларына сәйкес рәсімделген. Бұл диссертация ғылыми ізденістің нәтижесі ретінде зерттеушінің өз қолымен жазылғанын және жоғары дәрежеде академиялық адалдық сақталғанын көрсетеді. Жазу тілі жатық, түсінікті, сауатты орындалған.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: **1) негізделген;** 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертациялық жұмыс ғылыми тұрғыдан терең әрі сауатты орындалған жаңа ғылыми нәтижелерді қамтитын кешенді жұмыс болып табылады. Алынған нәтижелердің жаңашылдығы, негізділігі мен объективтілігі күмән тудырмайды. Зерттеу жұмысы тұтынушыларды қорғаудың құқықтық тетігінің мәселелері мен даму перспективаларын саралауға арналған дербес ғылыми жұмыс болып табылады деп толық сеніммен айта аламыз. Диссертант зерттеу тақырыбының өзектілігін дұрыс айқындап оларды сауатты **негіздей** білген.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: **1) айқындайды;** 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	Зерттеу жұмысының мазмұны зерттеу жұмысының жоспармен орынды үйлесімін тапқан. Қолжазба құрылымы тақырып логикасын бірізді ашады: 1-тарау – институттың эволюциясы мен заңнама жүйесі (1.1; 1.2), 2-тарау – тұтынушы мәртебесі мен қорғау нысандары (2.1; 2.2; 2.3), 3-тарау – цифрлық ортадағы жаңа объектілер мен қауіп-

			қатерлер (3.1; 3.2). Осы құрылым «құқықтық тетік» ұғымын тарихи негізден бастап цифрлық жаңғыртуға дейін толық қамтиды. Зерттеу жұмысың мазмұны тақырыптың мәнің нақты **айқындайды.**
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: **1) сәйкес келеді;** 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	Зерттеудің мақсаттары мен міндеттері диссертация тақырыбына **сәйкес келеді**, атап айтқанда, тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың құқықтық тетіктерін заманауи цифрлық форматта тиімді етіп жетілдірудің нақты тетіктерін әзірлеу арқылы диссертант алға қойған мақсаттарға қол жеткізіп зерттеудің міндеттерін орындай білген.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: **1) толық байланысқан;** 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.	Диссертацияның барлық тараулары мен бөлімдері, яғни құрылымы логикалық өзара **толық байланысқан.** 1-тарауда қалыптастырылған теориялық-тарихи база 2-тараудағы құқықтық механизмдерді бағалауға негіз болып, 3-тарауда сол бағалаудан туындайтын цифрлық ортаға бейімделген шешімдерге ұласады. Қорытынды ұсыныстардың Қосымша А-да нақты нормалар түрінде берілуі ғылыми талдаудан қолданбалы ұсынысқа өтетінін көрсетеді.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: **1) сыни талдау бар;** 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	Автормен ұсынылған тұжырымдар негізделген, **сыни талданған.** Себебі, зерттеу нәтижелері ғылыми және теориялық тұрғыда дәлелденіп, зерттеу барысында диссертацияда жасалған талдаулар мен тұжырымдар нақты болып табылады.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? **1) толығымен жаңа;** 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Зерттеу барысында қолжеткізген ғылыми нәтижелер мен ережелер **толығымен жаңа** болып табылады. Жаңалық ең алдымен цифрлық ортаға тән құқықтық объектілер мен қауіп-қатерлерді ұлттық тұтынушылық құқықтың тетігіне кіріктіру арқылы көрінеді: цифрлық контент/қызметтің анықтамалары,

			манипулятивті тәсілдер, жалған пікірлер санаттары жүйеленеді. Сонымен қатар тұтынушы мәртебесін «аралас мәмілелер» арқылы кеңейту және дәлелдеу ауыртпалығын қайта бөлу секілді тұжырымдар құқық қолдануға бағдарланған жаңа ережелерді ұсынады .
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?	Диссертацияның қорытындылары **толығымен жаңа** болып табылады. Қорытындылардың жаңалығы тұтынушылар дауларын шешуді сотқа дейінгі сатыда тиімділендіру, моральдық зиян тетіктерін күшейту және цифрлық мәмілелердегі құқықтық кепілдіктерді нақтылау арқылы көрінеді. Автор қорытындыларды тек теориялық деңгейде қалдырмай, оларды нормативтік ұсыныстарға айналдыру жолдарын көрсетеді (Қосымша А).
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?	Зерттеу жұмысының тікелей техникалық немесе технологиялық шешімдерді ұсынбайтынына қарамастан, басқарушылық сипаттағы құқықтық шешімдерді толығымен жаңа ғылыми негізде талдап жаңа технологиялық тұрғыдан цифрлық салада тұжырымдар ұсынылған.
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде **негізделген**/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Диссертациялық жұмыстың барлық негізгі қорытындылары ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде **негізделген.** Диссертациялық жұмыстың теориялық негізін тек конституциялық құқық саласындағы ғана емес, сондай-ақ **мемлекет және құқық теориясы, әкімшілік, азаматтық,** қылмыстық құқық және өзге де құқық салаларындағы отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми еңбектері, ҚР Президентінің Қазақстан халқына жолдаулары, монографиялар, диссертация авторефераттары мен мерзімді басылымдардағы ғылыми жарияланымдары, сондай-ақ статистикалық мәліметтер, ақпарат көздерінен, сот органдарының ақпараттық ресурстарынан алынған материалдар құрайды.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:	Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар: **1.** Қазақстан Республикасының құқықтық жүйесінде

		7.1 Ереже дәлелденді ме?	тұтынушылық міндеттемелерді орындаудың материалдық және цифрлық нысандарының технологиялық бейтарап функционалдық баламалылығы қағидатын, оның ішінде қолданыстағы заңнамаға өзгерістер енгізу арқылы, заңнамалық түрде бекітудің қажеттігі туралы авторлық тұжырым. 7.1. Ереже дәлелденді ме? 1) дәлелденді — 2.1 және 3.1 бөлімдерінде тұтынушы мәртебесі мен цифрлық орындаудың құқықтық режимі негізделіп, Қосымша А-да нақты ұсыныстармен бекітіледі. 7.2. Тривиалды ма? 2) жоқ — ұсыныс қолданыстағы реттеудегі аралас мәмілелер мен цифрлық орындауға қатысты олқылықты жоюға бағытталған. 7.3. Жаңа ма? 1) ия — технологиялық бейтарап қорғаныс пен дәлелдеу ауыртпалығын қайта бөлу тәсілі жаңа шешім ретінде тұжырымдалған. 7.4. Қолдану деңгейі: 3) кең — офлайн және онлайн тұтынушылық мәмілелердің кең шеңберіне қолданылады. 7.5. Мақалада дәлелденген бе? 1) ия — апробация бөлімінде негізгі тұжырымдар ғылыми мақалаларда жарияланғаны көрсетілген. **2.** Тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласында дауларды сотқа дейінгі реттеу тетіктерін одан әрі жетілдіру, соның ішінде екі тарап үшін де сотқа дейінгі тәртіптің міндеттілігін айқын бекіту қажеттігі жөніндегі авторлық негіздеме. 7.1. Ереже дәлелденді ме? 1) дәлелденді — 2.2 бөлімінде сотқа дейінгі реттеудің қажеттілігі ашылып, Қосымша А-да рәсімдік толықтырулар ұсынылған. 7.2. Тривиалды ма? 2) жоқ — міндетті сотқа дейінгі тәртіпті нақты
		1) дәлелденді;	
		2) шамамен дәлелденді;	
		3) шамамен дәлелденбеді;	
		4) дәлелденбеді;	
		5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	
		7.2 Тривиалды ма?	
		1) ия;	
		2) жоқ;	
		3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.	
		7.3 Жаңа ма?	
		1) ия;	
		2) жоқ;	
		3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.	
		7.4 Қолдану деңгейі:	
		1) тар;	
		2) орташа;	
		3) кең	
		4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.	
		7.5 Мақалада дәлелденген бе?	
		1) ия;	
		2) жоқ	
		3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	

			құрамдастарымен бекіту тривиалды сипаттағы қайталау емес. 7.3. Жаңа ма? 1) ия — дауды алдын ала шешуді құқықтық стандарт ретінде орнықтыру жаңа тәсіл ретінде негізделген. 7.4. Қолдану деңгейі: 3) кең — тұтынушы–сатушы/орындаушы дауларының басым бөлігіне таралады. 7.5. Мақалада дәлелденген бе? 1) ия — жарияланымдарда тұтынушылар дауларын реттеу проблематикасы апробацияланған. **3.** Моральдық зияннның өтемақысын өндіру тетіктерін сотқа дейінгі тәртіпті сақтаудың ынталандыру құралы ретінде одан әрі дамыту және сотқа дейінгі реттеуден жалтарғаны үшін жауаптылықты күшейту туралы авторлық ұстаным. 7.1. Ереже дәлелденді ме? 1) дәлелденді — 2.2 бөлімінде моральдық зиян тетігінің әлсіз тұстары талданып, Қосымша А-да оны күшейтетін нормалар ұсынылған. 7.2. Тривиалды ма? 2) жоқ — өтемақыны тиімді ету және сотқа дейінгі тәртіпті ынталандыру тәсілдері тривиалды емес. 7.3. Жаңа ма? 1) ия — моральдық зиянды өндіру тетігін нақтылау арқылы жаңа құқықколданымдық модель ұсынылған. 7.4. Қолдану деңгейі: 3) кең — тұтынушылық құқық бұзушылықтардың кең ауқымында қолданылады. 7.5. Мақалада дәлелденген бе? 1) ия — мақалаларда тұтынушының бұзылған құқықтарын қалпына келтіру механизмдері қарастырылған. **4.** Табиғи монополия субъектілерімен қатынастарда жария шарттың рөлін күшейту және жария шарт тетігінің нақты жұмыс істеу қабілеттілігін қамтамасыз ету жөніндегі авторлық

			негіздеме. 7.1. Ереже дәлелденді ме? 1) дәлелденді — 2.3 бөлімінде жария шарттың мәні дәлелденіп, Қосымша А-да табиғи монополия жағдайына бейімделген түзетулер ұсынылған. 7.2. Тривиалды ма? 2) жоқ — бас тарту негіздерін «объективті техникалық кедергілермен» шектеу нақты құқықтық сүзгі ретінде ұсынылады. 7.3. Жаңа ма? 1) ия — жария шарт кепілдіктерін күшейту арқылы жаңа теңгерім үлгісі негізделген. 7.4. Қолдану деңгейі: 3) кең — коммуналдық, көлік, телеком қызметтеріндегі кең қатынастарға таралады. 7.5. Мақалада дәлелденген бе? 1) ия — апробациядағы жарияланымдар тізімі негізгі тұжырымдардың мақалада қаралғанын растайды. **5.** Цифрлық контент пен қызметтерге қатысты құқықтық реттеудің және арнайы анықтамаларды бекітудің қажеттігін негіздеу. Цифрлық контентті тұтынушыға ақы төлеу негізінде немесе жеке деректерін беру есебінен ұсынылатын цифрлық форматтағы деректер және зияткерлік меншік объектілерінің өзге де түрлері ретінде айқындау ұсынылады. 7.1. Ереже дәлелденді ме? 1) дәлелденді — 3.1 бөлімінде цифрлық контент/қызмет мәселелері талданып, Қосымша А-да ұғымдар мен жаңа бап ұсынылған. 7.2. Тривиалды ма? 2) жоқ — цифрлық өнімге сапа/жаңарту/қауіпсіздік міндеттерін бекіту тривиалды емес. 7.3. Жаңа ма? 1) ия — цифрлық контент пен қызметті дербес объект ретінде құқықта бекіту жаңа шешім.

			7.4. Қолдану деңгейі: 3) кең — платформалар, жазылымдар, сервистер және өзге цифрлық нарық сегменттеріне қолданылады. 7.5. Мақалада дәлелденген бе? 1) ия — цифрлық тұтынушы құқығы тақырыбы жарияланымдар арқылы апробацияланған. **6.** Тұтынушылардың ақпараттық қауіпсіздігі деңгейін және цифрлық тауарлар мен қызметтердің сапасын арттыру, сондай-ақ электрондық коммерция саласында тұтынушылардың құқықтарын қорғауды жетілдіру мақсатында «манипуляциялық интерфейстік тәсілдер» және «жалған пікірлер» ұғымдарын нормативтік тұрғыдан бекіту және оларды тыйым салынған тәжірибелер қатарына жатқызу қажеттігін негіздейтін авторлық тұжырым. 7.1. Ереже дәлелденді ме? 1) дәлелденді — 3.2 бөлімінде қараңғы паттерндер мен жалған пікірлердің тәуекелі дәлелденіп, Қосымша А-да жарнама заңнамасына түзетулер ұсынылған. 7.2. Тривиалды ма? 2) жоқ — манипулятивті тәсілдерді құқықтық айқындау және тыйым салу жаңаша регуляторлық шешім. 7.3. Жаңа ма? 1) ия — тұтынушының саналы таңдауын қорғауға бағытталған жаңа құқықтық конструкциялар енгізіледі. 7.4. Қолдану деңгейі: 3) кең — маркетплейстер, әлеуметтік желілер, онлайн жарнама және цифрлық сервистердің кең өрісіне таралады. 7.5. Мақалада дәлелденген бе? 1) ия — апробацияда зерттеудің негізгі нәтижелері ғылыми мақалаларда жарияланғаны көрсетілген.
8.	Дәйектілік қағидаты.	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:	Ия. Әдіснама бөлімінде диалектикалық әдіс, талдау-синтез, формальды-құқықтық, салыстырмалы-құқықтық, статистикалық және социологиялық әдістердің қолданылғаны көрсетілген; бұл құқықтық зерттеу табиғатына сай негіздеме
	Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың	**1) ия;**	

	дәйектілігі		болып табылады
		2) жоқ.	
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:	Иә. Зерттеу жұмысында автор қазіргі кезеңдегі ғылыми зерттеулердің әдістерін және компьютерлік технологиялардың мүмкіндіктерін қолдана отырып, ғылыми нәтижелерге қол жеткізген: https://adilet.zan.kz/kaz/ – Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі; https://online.zakon.kz/ – ақпараттық-құқықтық жүйесі.
		1) ия;	
		2) жоқ.	
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):	Ия. Қолжазбадағы теориялық тұжырымдар эмпирикалық материалдармен ұштастырылған: статистикалық және социологиялық деректер, тұтынушылардың құқықтарын қорғау тетіктерінің тиімділігіне қатысты эмпирикалық байқаулар және құқық қолдану тәжірибесіне тән көріністер талданып, қорытындыға әкелетін дәлел тізбегі қалыптастырылған (2.2; 3.2). Бұл құқықтану саласы үшін «эксперимент» ұғымының кең мағынадағы эмпирикалық тексерім ретінде іске асқанын көрсетеді.
		1) ия;	
		2) жоқ.	
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен **расталған** / ішінара расталған / расталмаған.	Негізгі тұжырымдар ұлттық заңнама, халықаралық құжаттар және салыстырмалы-құқықтық дереккөздермен жүйелі **расталған.** Әсіресе цифрлық контент/қызмет, DSA, GDPR, Omnibus, FTC тәжірибесі сияқты дереккөздерге сүйену зерттеудің негізгі пайымдарын дәлелді етеді (3.1; 3.2).
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға **жеткілікті**/жеткіліксіз.	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолу жасауға толығымен жеткілікті.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:	Диссертацияның теориялық маңызы **бар.** Жұмыс тұтынушы мәртебесін, әлсіз тарапты қорғау логикасын және жария шарт институтын қазіргі сын-қатерлермен байланыстыра отырып, тұтынушылық құқықтың теориялық аппаратын нақтылап,
		1) бар;	
		2) жоқ.	

			цифрлық контент/қызмет және ақпараттық қауіпсіздік контексіндегі талдау отандық доктринаға жаңа бағыттық қыр қосады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:	Зерттеу жұмысының қосымшасында ұсынылған заңнамалық түзетулер практикалық енгізуге бейім: тұтынушылар туралы заңға, азаматтық кодекске, табиғи монополиялар және жарнама туралы заңнамасын жетілдіруге бағытталған құқық шығармашылық қызметінің барысында қолдануға болады. Ұсыныстардың қолданылу механизмі уәкілетті органдардың нормашығармашылығы және құқық қолдану (сот, әкімшілік) тәжірибесі арқылы жүзеге асуы да мүмкін.
		1) ия;	
		2) жоқ.	
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?	Диссертацияда ұсынылған ұсынымдар мен тұжырымдар толығымен жаңа және деректер бұған дейін қолданылмаған практикалық ұсыныстармен толықтырылған. Ұсыныстар құқықтық қатынастар саласында кеңінен қолданылуы қажет деп санаймын.
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы:	Диссертацияның академиялық аппараты толық және жүйелі: нормативтік сілтемелер, анықтамалар, қысқартулар, кіріспе, тараулардың қисынды жүйесі және қорытынды сақталған. Терминология бірізді қолданылып, арнайы ұғымдарға (цифрлық контент, цифрлық қызмет, ODR, GDPR, DSA т.б.) анықтама берілуі мәтіннің ғылыми нақтылығын арттырады (3-тарау). Дәлелдеу мәдениеті нормативтік негізге және салыстырмалы талдауға сүйенген, мәтін құрылымы оқылымды әрі дәйекті.
		1) жоғары;	
		2) орташа;	
		3) орташадан төмен;	
		4) төмен.	
11.	Диссертацияға ескертулер		Үшінші тараудағы цифрлық манипуляциялар бойынша ұсыныстарды әкімшілік-қадағалау рәсімдерімен (уәкілетті органның әрекет ету алгоритмі) қысқаша байланыстыру жұмыстың қолданбалылығын күшейтер еді деп ойлаймын. Алайда, аталған ескерту диссертациялық зерттеудің мазмұны мен құндылығын төмендетпейді және ұсынымдық сипатта болады.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі		Диссертация нәтижелерінің апробациясы жүйелі жүргізілген: апробация бөлімінде зерттеудің негізгі тұжырымдары рецензияланатын ғылыми басылымдарда және конференция

	(диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докоранттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		материалдарында жарияланғаны көрсетіліп, жарияланымдар тақырыппен тікелей қабысады . Диссертациялық зерттеудің негізгі тұжырымдары 7 ғылыми мақалада жарияланған, оның ішінде Scopus деректер базасына кіретін халықаралық рецензияланатын журналдағы 1 мақалада, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдардағы 4 мақалада, сондай-ақ халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар материалдарындағы 2 мақалада жарық көрген.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Дәрежелерді беру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының талаптарына толық сәйкес келеді. Қорғауға ұсынылған ережелер айқын тұжырымдалған және тараулардың мазмұнында дәлелденіп, Қосымша А-да нормашығармашылық ұсыныстар ретінде нақты рәсімделген. Зерттеу әдіснамасы мен дереккөздік базасы жеткілікті, салыстырмалы талдау нәтижелері ұлттық құқыққа бейімделген қолданбалы шешімдерге ұласқан. Апробация нәтижелері негізгі тұжырымдардың ғылыми жарияланымдарда жарияланғанын көрсетеді. Осыған байланысты «Тұтынушыларды қорғаудың құқықтық тетігінің мәселелері мен даму перспективалары» тақырыбындағы орындалған диссертациялық жұмыс PhD дәрежесін беруге қойылатын талаптарға сәйкес келеді деп есептеймін және Сюрикпаева Асель Ораловнаға «6D030100 – Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін диссертациялық кеңесте, жұмысы қорғауға лайықты деп есептеймін.

Ресми рецензенттер пікірлерінде келесі шешімдердің бірін көрсетеді:

1) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру;

«6D030100 – Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Сюрикпаева Асель Ораловнаның «Тұтынушыларды қорғаудың құқықтық тетігінің мәселелері мен даму перспективалары» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына оң пікірімді бере отырып, жұмысқа қойылатын талаптарға сәйкес және философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

Ресми рецензент:

з.ғ.к., қауымдастырылған профессор,
Абай атындағы Қазақ ұлттық
педагогикалық университетінің
Тарих және құқық факультеті,
Құқықтану кафедрасының меңгерушісі **Сайлибаева Жанель Юрсуновна**

РАСТАЙМЫН: «Абай атындағы ҚазҰПУ» КЕАҚ
КАДР САЯСАТЫ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ЖЕТЕКШІСІ
ЗАВЕРЯЮ: РУКОВОДИТЕЛЯ
УПРАВЛЕНИЯ КАДРОВОЙ ПОЛИТИКИ
НАО «КазНПУ им Абая»
ҚОЛЫ
ПОДПИСЬ_____